

«Үздік тәрбиеші-2018»

Мақсаты: Тәрбиешілердің жыл бойындағы еңбектерін, шығармашылықтарын, өткізген ашық сабақтарын, жаңашылдықтарын бақылай келе балабақшаның «Ең үздік тәрбиеші-2018» анықтау.

Армысыздар-құрметті қонақтар және балабақша ұжымы.Бүгін міне «Адель» балабақшасы тәрбиешілерінің қатысуымен өтетін «Үздік тәрбиеші-2018» байқауын тамашалауға қош келдіңіздер.

Жүректен өлең төгіп, қосқан жырға.

Тұлпардай топтан озған жүйрік тұлға,

Қошеметтеп, халайық қол соғыңдар,

Сайысқа қатысушы тұлғаларға.

Біз балабақшамыздың бетке ұстар айнасы, яғни инабатты да ибалы, ақылды да парасатты және әр баланың жүрегінен орын таба білетін тәрбиешілеріміздің өнерлеріне таңдай қағып тамсанайық.Ортаға сынға түскен ару тәрбиешілерімізді қарсы алайық

1.Толегенова Айдын

2.Абдукадирова Закира

3.Жолдасова Ақмарал

4.Бейсекова Нұржамал

5.Бекова Жадыра

6.Мусакулова Малика

7.Сулейменова Мадина

Жүргізуші:

Мың бұралған арулар аңдап басып,

Келді міне ортаға толқып тасып.

Аруларын сыйлаған халқым менің

Көңілді қошеметпен қарсы алайық.

Жүргізуші:

Ал ендеше сайысымыздың бастамас бұрын сайыстың атқарылар кезеңдерімен таныстырып өтейік:

- 1.Өзін-өзі таныстыру
- 2.Өнері/ән, би, тақпақ, күй, қара сөз/
- 3.Қол өнер
- 4.Сұрақ- жауап
- 5.Сән үлгісі

Жүргізуші:

Тәрбиешілер өнерін салыстырып,

Жеңіс үшін өнерін шабыстырып,

Әділдікті қолдайтын баға беріп,

Жіберейін қазыларды таныстырып.

- 1.Балабақша меңгеруші: Молдагулова Алия
- 2.Әдіскер-Куандыкова Гулназым
- 3.Көмекші тәрбиеші-Ескараева Жанат
- 4.Тәрбиеші-Кутмуханова Айнұр

Жүргізуші:

Ақыл, көрік, бойларына жетеді,

Әлі талай сынақтардан өтеді.

Мына отырған баршаңызға,

Тәрбиешілер өздерін таныстырып өтеді.

Жүргізуші:

Ән мен күйді төгілтіп,

Инжу маржан шашайық.

Барша жұртты тамсандырып,

Өнерге кезек алайық.

Дей отырып тәрбиешілердің өнерін тамашалайық.

Қазақта өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын-деген қанатты сөз бар. Олай болса сайысымыздың үшінші бөліміне кезек берейік қол өнер сайысы.

Жүргізуші: Ал арулар сұраққа қалайсыңдар,

Сендер өтер әліде талай сын бар.

Тапсырма ал сан қилы сан сауалдан,

Дұрыс жауап берсеңдер жарайсыңдар.

Жүргізуші: Жүзден жүйрік

Мыңнан тұлпар-демекші сайыстың соңғы бөлімінде келіп жеттік ендеше» Сән үлгісі» тамашалаңыздар.\

Міне біздің ару тәрбиешілеріміз өз өнерлерін көрсетті. Соңғы сөзді әділ-қазылар алқасының төрайымына берейік.

Қорытынды: Тәрбиеші ақыл-ойы мен күш қуатын балаларға арнап, жан аямай еңбек етеді. Өйткені ол, оның көкірек көзін ашып, дүние танымын кеңейтіп, қияға қанат қақтырады. Сондықтан болар кейбір дарынды ойшылдар да, тіпті арман қуған балаларда тәрбиешіні ерекше пір тұтып қадірлейді.

Барлығына риза болсын көрермендер,

Ой бөлісті, бақ сынасты үміткерлер

Осымен бұл сайысты тәмамдасақ,

Тағыда жүздесерміз сіздерменен белестерде.

Дей келе баршаңызды төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз,
отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілейміз.

ҚОШ , САУ БОЛЫҢЫЗДАР!